

Қарасай ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 қарашадағы № 48-4 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 10 желтоқсанда № 3601 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 52-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 05.02.2016 № 52-8 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарасай ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Аудандық мәслихатының бас маманы Рымбаева Баян Садырбаевнаға осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасай аудандық мәслихаттың " Ауыл шаруашылығы, көгалдандыру, сауда, қоршаған ортаны қорғау, экология, жерді және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөнінде" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарасай аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы
Қарасай аудандық мәслихатының
хатшысы*

С. Килибаев

Е. Қалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК